

Ата-аналар жиналысының АНЫҚТАМАСЫ

Бекітілген ата-аналар жиналысының кестесі бойынша 03.02 күні «Тұңғыық», «Түймедақ», «Нарғызгүл» кіші; 04.02- күні «Бәйшешек», «Баршын», «Меруертгүл» ортаңғы; 05.02-күні «Нәркес», «Қырмызы», «Қызғалдақ» ересек; 06.02- күні «Лалагүл», «Бөртегүл», «Еңлік» мектепалды топтарында өтті. Жиналыс уақыты сағ:17:00 де басталып, 18:00 де аяқталды.

Өткізілген ата-аналар жиналысында күн тәртібіне сәйкес төмендегі мәселелер қаралды

Бірінші мәселе бойынша

Жиналыс барысында балабақша психологы ата-аналарға арналған «Аялы алақан» тақырыбында психологиялық тренинг өткізді. Тренингтің негізгі мақсаты – ата-аналар мен балалар арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту, балаға деген мейірім мен қолдаудың маңыздылығын түсіндіру. Тренинг барысында ата-аналар белсенді қатысып, өз ой-пікірлерімен бөлісті, баланың психологиялық саулығын сақтаудағы ата-ананың рөліне ерекше назар аударылды.

Екінші мәселе бойынша

Тәрбиешілер тарапынан «Баланың дамуы – ортақ жауапкершілік» тақырыбында мазмұнды баяндама оқылды. Баяндамада баланың жан-жақты дамуына балабақша мен ата-ананың бірлескен жұмысының маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар ата-аналармен интерактивті ойын ұйымдастырылып, тәрбие мен оқыту үдерісіндегі ортақ әрекеттердің тиімді жолдары көрсетілді.

Үшінші мәселе бойынша

Жиналыс барысында балалардың бастапқы және аралық мониторинг нәтижелері таныстырылды. Әр баланың даму деңгейі, жетістіктері мен алдағы даму бағыттары туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар жеке даму ерекшеліктеріне тоқталып, ата-аналарға баламен үй жағдайында жүргізілетін жұмыстар бойынша ұсыныстар айтылды.

Төртінші мәселе бойынша

Ата-аналарға логопед пен психолог мамандар тарапынан балалардың сөйлеу, мінез-құлық және психологиялық даму ерекшеліктері туралы кеңестер берілді. Кері байланыс барысында ата-аналар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауаптар мен ұсыныстар алды. Бұл өз кезегінде ата-аналар мен мамандар арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.

Бесінші мәселе бойынша

Балабақша медбикесі Куттыаякова С.С ата-аналарға қызылша ауруының белгілері, таралу жолдары және алдын алу шаралары туралы баяндама оқыды. Сонымен қатар аурудың алдын алу мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, уақытылы медициналық тексеруден өту және вакцинацияның маңыздылығы жөнінде түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.

Қорыта келгенде

Жалпы ата-аналар жиналысы жоспарға сай өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, ата-аналарға қажетті ақпараттар ұсынылды. Талқылау барысында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді. Жиналыс нәтижесінде ұсыныстар мен пікірлер ескеріліп, алдағы уақытта бірлескен жұмыстарды жалғастыру туралы шешім қабылданды. Ата-аналар білім беру ұйымымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуге дайын екендіктерін білдірді.

Әдіскер

Ныгыметова Н.С.